

Сарат селолық округі бойынша ауыл шаруашылығы ірі қара малдары арасында бруцеллез жұқпалы ауру пайда болуына байланысты шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімиятының 2008 жылғы 5 қарашадағы N 440 қаулы. Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 13 қарашада N 3-2-63 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 46 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімдігінің 2010.03.01 № 46 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2 тармағының 10 тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Әйтеке би аудандық инспекциясының ұсынысының негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы Министрлігінің аудандық аумақтық инспекциясымен (Б.Лекеров), мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бөлімімен (И.Аяғанова) және аудандық орталық аурухананың бас дәрігерімен (Ж.Қасымов) Сарат селолық округі бойынша елді мекендер аумағында жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөнінде кешенді ветеринарлық іс-шаралардың толық өткізілуіне байланысты және аудандық аумақтық инспекциясының ұсынысы бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Әйтеке би ауданының әділет басқармасында 2007 жылы 25 сәуірде N 3-2-36 нөмірімен тіркелген Әйтеке би аудан әкімиятының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 154 "Сарат селолық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдары арасында жұқпалы ауру пайда болуына байланысты шектеу іс-шараларын қолдану туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Ы б р а й м ұ л ы н а жүктелсін.

4. Осы қаулы Әйтеке би аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан соң 10 күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан Әкімі:

Е. Есенбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ